

Құрманғазы ауданының әкімшілік-аумақтық бірлігіне өзгерістер енгізу туралы

Атырау облысы әкімиятының 2007 жылғы 4 сәуірдегі N 93 қаулысы және Атырау облыстық мәслихатының 2007 жылғы 11 сәуірдегі N 389-III шешімі. Атырау облыстық Әділет департаментінде 2007 жылғы 11 мамырда N 2488 тіркелді

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы N 4200 "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 11-бабына сәйкес, Құрманғазы аудандық әкімиятының бірлескен 2007 жылғы 28 ақпандағы N 67 қаулысы мен Құрманғазы аудандық мәслихатының 2007 жылғы 15 наурыздағы N 328-XXXVII шешімі негізінде облыс әкімияты қаулы етеді және облыстық мәслихат шешім етті:

1. Құрманғазы ауданында Қиғаш ауылдық округі құрылсын.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - Атырау облысы әкімінің 10.10.2014 № 315 және Атырау облыстық мәслихатының 10.10.2014 № 325-V бірлескен шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) .

2. Құрманғазы ауданы Ақкөл ауылдық округінің шекарасы жалпы ауданы 1487 гектар аумағы Қиғаш ауылдық округіне беріле отырып өзгертілсін.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерістер енгізілді - Атырау облысы әкімінің 10.10.2014 № 315 және Атырау облыстық мәслихатының 10.10.2014 № 325-V бірлескен шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) .

3. Осы бірлескен қаулы мен шешім мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*XXIV сессиясының төрайымы,
облыстық мәслихат хатшысы*

Облыс әкімі